

CRAZON®

**Радиомен басқарылатын жол
талғамайтын амфибия
(аудару)
CRAZON 19SL02B**



Мазмұны

Сақтық шаралары	3
Қуат көзі элементтерімен жұмыс істеу барысындағы сақтық шаралары	4
Қуат көзі элементтерін ауыстыру	4
Құрылғының аккумуляторын зарядтау	4
Құрылғының сұлбасы	5
Қашықтан басқару пульті	5
Құрылғыны пайдалану	6
Құрылғыны қашықтан басқару пультімен жұптастыру	6
Құрылғыны басқару	6
«Амфибия» режимі	7
Құрылғыға қызмет көрсету	7
Техникалық сипаттамалары	7
Туындауы мүмкін мәселелер және олардың шешімі	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	9
Кепілді қызмет көрсету шарттары	10
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

«Crazon» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған өнімдер мен құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Радиомен басқарылатын жол талғамайтын амфибия – бұл 6 жастан асқан балаларға арналған ойыншық, ол қашықтан басқару пульті арқылы басқарылатын көлік құралының моделі болып табылады.

Сақтық шаралары

- Бұл құрылғыны 3 жасқа толмаған балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды. Құрылғыны құрастыру ересек адамның бақылауымен жүзеге асырылуы керек.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғы мен айналадағы адамдар, жануарлар, көліктер және басқа радиомен басқарылатын көліктер арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Көлігіңізді жаяу жүргіншілер көшесінде немесе қоғамдық орындарда іске қоспаңыз. Бұл ауыр жарақатқа, апаттарға және мүліктің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Көлікті адамдар мен жануарлар жүрмейтін, кедергілер мен автокөлік жолдары жоқ кең алаңдарда ғана іске қосыңыз.
- Құрылғының қозғалмалы бөлшектерін ұстамаңыз.
- Пайдалану кезінде мотор мен қуат көзі элементтері қызып кетуі мүмкін, құрылғыны ұстағанда абай болыңыз.
- Тек түпнұсқа керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Құрылғыны ашпаңыз немесе өз бетіңізше жөндеу жұмыстарын жүргізбеңіз. Қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек өкілетті сервистік орталықтың білікті мамандары жүзеге асыруы тиіс.
- Тұншығып қалу қаупін болдырмау үшін құрылғының қаптама элементтері мен бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптама элементтерін бесікке, баланың төсегіне, бала арбасына және манежге жақын жерде қалдырмаңыз.
- Егер көлікті ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, тотығуды болдырмас үшін қуат көзі элементтерін құрылғыдан және қашықтан басқару пультінен шығарыңыз (себебі бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін).
- Құрылғыны және оның элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде, жылу көздерінен және тікелей күн сәулесінен алыс сақтаңыз.
- Радиомен басқарылатын көлік пен қашықтан басқару пультіңде көрінетін зақымдардың бар-жоғын үнемі тексеріп отырыңыз. Құрылғыдан зақымдану, ақаулық немесе істен шығу анықталған жағдайда сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Қуат көзі элементтерімен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары

- Қуат көзі элементтерін бөлшектемеңіз немесе ашпаңыз, кабельдер мен сымдарды кесіп алмаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға және/немесе құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Қуат көзі элементтерін қолданылып жатқан құрылғының пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес ауыстырыңыз, батареяларды полярлығын ескере отырып орнатыңыз.
- Қуат көзі элементтері ағып кеткен жағдайда, электролитпен жанасудан аулақ болыңыз. Егер электролит теріге немесе көзге тиіп кетсе, көп мөлшерде сүмен шайып, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Бөтен иістер, шу немесе түтін пайда болған кезде аккумуляторды қуат көзінен дереу ажыратыңыз.
- Зарядтау үшін тек түпнұсқа керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Әртүрлі қуат көзі элементтерін пайдаланбаңыз.
- Ескі және жаңа қуат көзі элементтерін бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Қуат көзі элементтерін өзгертпеңіз, зарядтауға арналмаған батареяларды зарядтамаңыз.
- Қайта зарядталатын қуат көзі элементтерін зарядтамай тұрып, істен шығып қалмауы үшін олардың толық суығанына көз жеткізіңіз. Қуат көзі элементтері ересектердің бақылауымен зарядталуы тиіс.
- Пайдаланып болған соң зарядтау құрылғысын желіден ажыратыңыз. Қуат көзі элементтерін шамадан тыс зарядтаудан аулақ болыңыз.
- Қуат көзі клеммаларын қысқа тұйықтамаңыз.
- Тез тұтанатын заттарға жақын жерде қуат көзі элементтерін зарядтамаңыз. Зарядталатын қуат көзі элементтерін қараусыз қалдырмаңыз.
- Жарылуға жол бермеу және пайдаланушының денсаулығына қатер төндірмеу үшін, іске жарамсыз қуат көзі элементтерін ешқашан жақпаңыз.
- Қуат көзі элементтерін жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Қуат көзі элементтерін ауыстыру


1. Қашықтан басқару пультінің батарея бөлігін ашыңыз.
2. Полярлықты сақтай отырып, «AA» (1.5 В) түріндегі екі қуат көзі элементін салыңыз.

Құрылғы аккумуляторын зарядтау

Ескерту: қажетті қуат көзі элементтерінің саны мен түрі құрылғының жиынтықтамасына байланысты.

1. Құрылғының батарея бөлігін ашып, аккумуляторды шығарыңыз.
2. Аккумулятор контактісін толық зарядтау кабеліне қосыңыз.
3. Зарядтау кабелін қуат көзіне қосыңыз.
 - Аккумуляторды зарядтаудың толық циклі: шамамен 3 сағат.
 - Құрылғының аккумулятордан жұмыс істеу уақыты: 20 минутқа дейін.

Қашықтан басқару пульті



1. Сәндік түймелер.
2. Алға жылжу.
3. Артқа жылжу.
4. Қуат көзін реттегіш.

Құрылғыны пайдалану

Құрылғыны қашықтан басқару пультімен жұптастыру

1. Радиомен басқарылатын көліктің қуат реттегішін «ON» күйіне ауыстырыңыз.
2. Қашықтан басқару пультіңдегі қуат реттегішін «ON» күйіне ауыстырыңыз.
3. Жұмыс кезінде қашықтан басқару пультінің жарық индикаторы қызыл түсте жанып тұрады.


Ескерту: кейбір радиосигналдар құрылғыны қашықтан басқару пультімен жұптастыру кезінде кедергі келтіруі мүмкін, Wi-Fi желісі және сол радиожилікті (2.4 ГГц) пайдаланатын басқа құрылғыларды жұптастырудың бұзылуына жол бермеу үшін ажыратыңыз.

Құрылғыны басқару

Алдыңыздағы көлікті адам көп жүретін көшелер мен автокөлік жолдарынан алшақ, тегіс жерге қойыңыз.


1. Алға/артқа жылжу.

Алға/артқа жылжыту үшін қашықтан басқару пультіңдегі сәйкесінше алға/артқа жылжыту түймелерін бір уақытта басыңыз.



2. Оңға/солға бұрылыс.



Қашықтан басқару пультіңдегі сол немесе оң жаққа алға жылжыту түймесін бассаңыз, алға жылжыту кезінде құрылғы тиісті бағытта бұрыла бастайды.



3. «Аудару» функциясы. Егер көлік төңкерілген болса, бір уақытта артқа жылжыту түймесін басып тұрып, содан кейін алға жылжыту түймесін тез бассаңыз, көлік қайтадан аударылады.



4. «Зырылдауық» функциясы.
Көліктің 360°-та айналуын бастау үшін қашықтан басқару пультіндегі диагонали бойынша орналасқан түймелерді бір уақытта басыңыз.



5. Көлікке су кірген кезде, оны корпусстың жоғарғы жағындағы саңылау арқылы төгіп тастаңыз. Сонымен қатар, су қоймасын ауыстыру үшін көлікті сүмен толтыра аласыз.



Құрылғыға қызмет көрсету

1. Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін, аккумуляторды радиомен басқарылатын көліктен алып тастаңыз. Қуат көзі элементтерін қашықтан басқару пультінен алып тастаңыз.
2. Құрылғының корпусындағы кірді, құмды және шаңды жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
3. Құрылғының құрылымы мен корпусының металл бөліктеріне коррозияға қарсы май жағыңыз*.
4. Құрылғыны қуат көзі элементтерінен бөлек сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: 19SL02B.
- Ауқымы: 1:14.
- Мотор: коллекторлы.
- Аккумулятор: NiCd, 6 В, 500 мА сағ.
- Жетек: 4WD.
- Нұсқа: RTR (Ready To Run).
- Қашықтан басқару пульті: бар, 2.4 Г.
- Автономды жұмыс істеу уақыты: 15 минутқа дейін.
- Максималды жылдамдық: 10 км/сағ. дейін.
- Қашықтан басқару пультінің сигнал радиусы: 30 м дейін.
- Жиынтықтама: радиомен басқарылатын көлік, қашықтан басқару пульті, АКБ, зарядтау кабелі, пайдаланушы нұсқаулығы.

* Коррозияға қарсы май жеткізілім жиынтығына кірмейді.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Құрылғы қозғалмайды	АКБ зарядының деңгейі төмен	Құрылғының аккумуляторын зарядтаңыз немесе қашықтан басқару пультінің қуат көзі элементтерін ауыстырыңыз
	Қуат көзі элементтері дұрыс орнатылмаған	Қуат көзі элементтерінің полярлыққа сәйкес орнатылғанына көз жеткізіңіз
Құрылғы командаларға жауап бермейді	Құрылғы радиосигналынан тыс жерде орналасқан	Құрылғыға жақын тұрыңыз
	Бірдей жиілікті қолданатын құрылғылардың кедергісі	Іске қосу аймағында бірдей жиілікті қолданатын басқа құрылғылардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Көлікті басқа аймақта іске қосыңыз

Егер жоғарыда сипатталған шаралар проблеманы шешуге көмектеспесе, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны сақтау және тасымалдау құрғақ жерлерде жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Қосымша ақпарат

Өндіруші ел: Шаньтоу Ченхай Чжэньчэн Пластик Тойз Фэктори.
Дахаймэнь өндірістік аймағы, Цзяньян ауылы, Лянься, Ченхай ауд., Шаньтоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Импорттаушы: «Атлас» ЖШҚ,
690068, Ресей, Приморье өлкесі, Владивосток қ., 100-летие Владивостока даңғылы,
155-үй, 3-корпус, 5-кеңсе.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 008/2011 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Өнімнің сыртқы түрі, сипаттамалары және жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.



Тауардың жасалған күні (аа.жжжж): _____

v.1